

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша ҚРҰБ және ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдері

enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер – Инвестициялық қызмет» бөлімінде [Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің](#) және [инвестициялық портфельді басқарушының](#) зейнетақы активтерін инвестициялауы туралы толық ақпарат, сондай-ақ, 2021 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша инвестициялық қызметке жалпы шолу орналастырылған.

Айта кетейік, 2021 жылдың 1 маусымында басқарудағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі 12,8 трлн теңгені құрады. Бұл ретте БЖЗҚ-ның ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 12 769,15 млрд теңгені құрады. ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері 4,3 млрд теңгені құрады.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде есептелген инвестициялық кірістіліктің жалпы көлемі 01.01.2021ж. мен 30.06.2021 ж. Аралығында 774,23 млрд. теңге болды, оның ішінде:

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі

2021 жылдың 1 шілдесіне ҚР Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңес мақұлдаған 2021 жылға арналған бағыттар шеңберінде ҚР ҰБ (сенімгерлікпен басқарушы ретінде) инвестициялаудың негізгі [бағыттары былайша берілген:](#)

ҚР Қаржы министрлігі шығарған, ағымдағы құны 5 012,67 млрд теңгені (бүкіл портфельдің 39,26%) құрайтын ҚР Мемлекеттік бағалы қағаздары. Теңгеге номиналданған ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 8,9%, АҚШ долларында-жылдық 4,3% құрады.

ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары (ағымдағы құны 1 750,89 млрд теңге (13,71 %). ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының теңгемен номиналданған облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 10,8%, АҚШ долларымен жылдық 5,5% құрады.

- шет мемлекеттердің бағалы қағаздары 1 224,52 млрд теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 9,59 пайыз. Есепті кезеңге БЖЗҚ зейнетақы портфеліндегі шет мемлекеттердің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 0,2% құрады.

- 1 073,05 млрд теңге (8,40%) сомасына ҚР екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары. ҚР ЕДБ теңгеді номиналданған облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 10% құрады.

- 1 211,80 млрд теңге (портфельдің 9,49%) мөлшерінде сыртқы басқарудағы активтер. 2021 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда өсім 48,41% құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлінісінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі былайша берілген:

ұлттық валютадағы инвестициялар – 67,91%, АҚШ долларында – 32,02%, Ресей рублінде және өзге валюталарда – зейнетақы активтері портфелінің 0,07%.

Жыл басынан бері ҚРҰБ алған инвестициялық табыстың құрылымы мынадай:

- бағалы қағаздар, оның ішінде орналастырылған салымдар және "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түріндегі кірістер 436,43 млрд теңге;
- бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер 83,77 млрд теңге;
- шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер 44,36 млрд теңге;

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

- сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер 98,63 млрд теңге;
- өзге де кірістер 110,95 млрд теңгені құрады.

Осылайша, инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондайақ, шетел валютасының құбылмалығы мен қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 2021 жылдың басынан есептелген инвестициялық табыстың мөлшері 774,14млрд теңгені құрады. 2021 жылдың басынан бастап салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі 6,10% құрады.

Эмитенттер көрсетілген қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің егжей-тегжейлі құрылымы мен инвестициялық қызметке шолу БЖЗҚ-ның [ресми сайтында жарияланған](#).

Инвестициялық портфельді басқарушылар

Қазақстандық басқарушы компанияларға берілген қаражаттың жалпы көлемі 4,3 млрд теңгеден асады.

"Jusan Invest" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 1,9 млрд теңгені құрады. Олардан Exchange Traded Funds (ETF) пайлары сатып алынды, олар 42,59%, ҚРҰБ ноталары (портфельдің 36,64%), ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ портфельдері (17,16%), кері РЕПО операциялары (3,48%), қалған активтер (0,14%) инвестициялық шоттардағы ақша қаражаттарында. Портфельдің 57,32% теңгемен, 42,68% АҚШ долларымен.

Инвестициялық қызмет нәтижесінде, сондай-ақ, шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 01.07.2021 жылы есептелген инвестициялық табыс мөлшері 41,42 млн теңгені құрады. Зейнетақы активтерінің табыстылығы 4,30 % құрады.

"Jusan Invest" АҚ басқаруындағы эмитенттер көрсетілген қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің нақты құрылымы БЖЗҚ сайтында берілген.

«Halyk Global Markets» АҚ-ның сенімді басқаруындағы зейнетақы активтері 1 шілдеге 1,1 млрд. теңгені құрады. Кері РЕПО операциялары портфельінің құрылымында 66,28%, ҚРҰБ ноталары (портфельдің 15,66%), шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (13,40%), ЕДБ облигациялары (4,58%) мен шоттардағы ақша қаражаты (0,07%) құрайды. Ұлттық валютада портфельдің 86,59%, АҚШ долларында 13,41% номиналданған.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде есептелген инвестициялық табыстың мөлшері (қызмет басталғаннан бері 2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша) 20,36 млн теңгені құрады. Зейнетақы активтерінің табыстылығы 2,32 пайызды құрады.

«Halyk Global Markets» АҚ басқаруындағы эмитенттер көрсетілген қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің нақты құрылымы БЖЗҚ сайтында берілген.

2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша **"BCC Invest" АҚ** сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 818,0 млн теңгені құрады. Олар кері РЕПО операцияларына (34,40%), пайларға (ETF индекстеріне) (26,45%), ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигацияларына (14,18%), ҚР ЕДБ облигациялары (6,94%), шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына (9,02%), ХҚҰ облигацияларына (7,96%), инвестициялық шоттардағы ақша қаражатына (1,05%) бөлінген. Ұлттық валютада портфельдің 63.98%, АҚШ долларында 36.02% номиналданған.

15.03.2021 жылдан 30.06.2021 жылға дейінгі кезеңде есептелген инвестициялық табыстың мөлшері 18,13 млн теңге. Зейнетақы активтерінің табыстылығы 2,96 %.

"BCC Invest" АҚ басқаруындағы эмитенттер көрсетілген қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің нақты құрылымы БЖЗҚ сайтында берілген.

2021 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша "Сентрас Секьюритиз" АҚ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері 447,2 млн теңгені құрады. Олар ҚР ҚМ МБҚ-на инвестицияланған (94,07%), шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына (5,92%) инвестициялық шоттардағы ақша қаражаты (0,01)%. Барлық инвестициялар ұлттық валютада жүргізілді.

01.04.2021 жылдан бастап 30.06.2021 жылға дейінгі кезеңде есептелген инвестициялық табыстың мөлшері 10,64 млн теңгені құрады. Инвестициялық қызмет пен қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі нәтижесінде зейнетақы активтерінің кірістілігі 2,76% болды.

"Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы эмитенттер көрсетілген қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің нақты құрылымы БЖЗҚ сайтында берілген.

Бұдан бөлек, БЖЗҚ сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлігінің «Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне қысқаша шолу» бөлімінде инвестициялық портфельдің құрылымы бойынша жалпы ақпарат жарияланған.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелеңдіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).